

**«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ**  
**2022 жылғы қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін**  
**ішкі талдау нәтижелері**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:**  
«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) 2022 жылға арналған «Персоналды іріктеу, бейімдеу және ұстап тұру» үдерісі бойынша қызметі.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негізі:**  
Қоғамның Басқарма төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2023 жылғы 15 қарашадағы №83-П бұйрығы.

**Талдау жасалатын кезең:** 2022 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Қоғамның персоналды іздеу және іріктеу жөніндегі қызметіне әсер ететін ішкі нормативтік құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) қызметкерлерді іздеу және іріктеу кезінде Қоғамның ұйымдастырушылық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қоғамның персоналды іздеу және іріктеу жөніндегі қызметі мынадай нормативтік құқықтық актілер және нормативтік ішкі құжаттар арқылы реттеледі:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

2) Қоғам Басқармасының 2019 жылғы 30 мамырдағы шешімімен бекітілген «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының персоналды басқару қағидалары, № 17/19 үзінді;

3) Қоғам Басқармасының 2015 жылғы 7 сәуірдегі шешімімен бекітілген Персоналды іріктеу, іріктеу, жұмысқа қабылдау және бейімдеу туралы ережесі;

4) Қоғам Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 маусымдағы шешімімен бекітілген «Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының есеп беретін және/немесе Директорлар кеңесіне бағынатын Ішкі аудит қызметінің, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің және Корпоративтік хатшының бос лауазымдарына кандидаттарды іріктеу қағидалары, № 10/21 үзінді.

«Персоналды іріктеу, бейімдеу және ұстау» үдерісінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талданған бизнес-үдеріс шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмағанын хабарлаймыз. Бұл ретте үміткерлерді іріктеу үдерісінің ашықтығын арттыру мақсатында бизнес-үдеріс иесіне үдерісті одан әрі жетілдіру бойынша азаматтық-құқықтық шарттар шеңберінде қызметкерлерді іздеу және іріктеу үдерісін реттеу тұрғысынан бос лауазымдарға үміткерлермен кері байланыс жасау, мүдделер қақтығысын болдырмау және іскерлік беделді (сенімділікті) орнату үшін әлеуетті үміткерлерді міндетті тексеру талаптары бойынша Қоғамның ЖҰӨ толықтыру жөнінде ұсынымдар жіберілді.